

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 маусымдағы № 413 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

А.Мамин

Жоба

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 жылғы 23 сәуірдегі "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 19 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 43-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"43-1) су сапасының нормативтері - жерүсті су объектілері жай-күйінің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін сақталуға тиісті судың шекті гидрохимиялық, микробиологиялық, физикалық сипаттамаларының сандық керсеткіштері";

2) 53-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ауызсудың және тазартылған сарқынды сулардың сапасына өндірістік бақылауды сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның аттестатталған зертханалары, сондай-ақ жасасылған шарттарға сәйкес басқа да аттестатталған зертханалар жүзеге асырады.";

3) 56-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті органның ведомствосы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жерүсті су объектілері үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі негізінде олардағы су сапасының нормативтерін әзірлейді және бекітеді.";

4) 85-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"85-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы стандарттау мен сертификаттау

1. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы ұлттық стандарттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірленеді және бекітіледі.

2. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы техникалық талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірленеді, бекітіледі және тіркеледі.

3. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы стандарттар мен техникалық талаптарға сәйкестікті айқындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті және ерікті сертификаттау жүзеге асырылады.

4. Бөлшектеп құйылған түрде (бөтелкелерде немесе басқа да ыдыстарда) су тұтынушыларға сатуға арналған ауыз суды, суды тазарту мен зарарсыздандырудың жеке тұрмыстық және топтық техникалық құралдары, сондай-ақ ауыз сумен жабдықтау жүйелерінде пайдаланылатын материалдар, реагенттер, технологиялық процестер, жабдықтар және өзге де құралдар техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес сәйкестікті растауға жатады."

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-11, 20-III, 1 12-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 39-құжат 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған, "Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 84-бапқа:

1-тармақта:

2) және 3) тармақшалар алып тасталсын;

2) 90-бап мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

"2-3) Бірыңғай есеп беру күнін ұйымдастыру және өткізу;"

3) 113-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"113-бап. Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу

Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу осы Кодекске және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес өнімге, оның ішінде ғимараттар мен құрылысжайларға, өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (ізвестіруді қоса алғанда), өндіру, құрылыс салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне, өнімге, процестерге және қызметтер көрсетуге қойылатын талаптарды ерікті негізде қолдануға, сәйкестікті бағалауға және мемлекеттік бақылау мен қадағалауға қойылатын міндетті талаптарды белгілеу және орындау болып табылады.";

4) 114-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"114-бап. Техникалық реттеу объектілері Техникалық реттеу объектілері:

азаматтық авиация өнімін, мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын немесе заңнамаға сәйкес қорғалатын қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпаратқа жататын мәліметтерді қорғау мақсатында пайдаланылатын өнімді, мәліметтері мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын өнімді қоспағанда, атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты талаптар белгіленетін өнімді, бұрын пайдалануда болған өнімді, ветеринариялық препараттарды, дәрілік заттарды, медициналық бұйымдары (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) қоспағанда, өнімі;

өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (ізвестіруді қоса алғанда), өндіру, құрылыс салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестері;

реттелуі Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген ветеринария, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы көрсетілетін қызметтерді, мемлекеттік, медициналық, білім беру, қаржы, банк және басқа да көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, көрсетілетін қызметтер болып табылады.";

5) мынадай мазмұндағы 131-1-баппен толықтырылсын:

"131-1-бап. Бірыңғай есеп беру күні

1. Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылын жақсарту мақсатында жыл сайын қыркүйектің соңғы бейсенбiсiнде, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөнiндегi уәкiлеттi органды қоспағанда, кәсіпкерлік жөнiндегi уәкiлеттi орган айқындайтын тәртіппен бақылау және қадағалау органдарының бiрыңғай есеп беру күнi өткiзiледi.

2. Бiрыңғай есеп беру күнi елордада, республикалық маңызы бар қалаларда және облыстардың әкiмшiлiк орталықтарында кәсіпкерлік субъектiлерiмен мемлекеттiк бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру және заңнаманы бұзушылықтары профилактикасының нәтижелерiн талқылау бойынша кездесу болып табылады.";

б) 139-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) техникалық реттеу саласында техникалық регламенттердiң талаптарына сәйкестiгiне өнiмдi айналысқа шығару бөлiгiнде;"

7) 141-баптың екiншi бөлiгiнiң жиырма екiншi абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тексерулер жүргiзудiң жартыжылдық графиктерiне өзгерiстер енгiзу Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

8) 141-баптың 3-тармағының он бiрiншi бөлiгi мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"2-1) егер бару "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргiзiлетiн бақылау және қадағалау субъектiсiне бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың қорытындылары бойынша өнiм үлгiлерiн iрiктеуге байланысты болса";

9) 146-баптың 2-тармағының екiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстiң 141-бабының 3-тармағы он бiрiншi бөлiгiнiң 1), 2-1), 3) және 3-1) тармақшаларында көзделген негiздер бойынша бақылау және қадағалау субъектiсiне (объектiсiне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы акт құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкiлеттi органда бақылау және қадағалау субъектiсiнiң (объектiсiнiң) тұрған жерiндегi құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкiлеттi органның аумақтық органына оны ұсыну, оның iшiнде электрондық нысанда ұсыну жолымен бақылау және қадағалау субъектiсiне (объектiсiне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау басталған күннен кейiнгi келесi жұмыс күнi iшiнде тiркеледi.";

10) 147-бап 1-тармағының екiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстiң 141-бабының 3-тармағы он бiрiншi бөлiгiнiң 1), 2-1), 3), 3-1) және 6) тармақшаларында, 144-бабы 3-тармағының 3), 4), 9) және 10) тармақшаларында, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жоспардан тыс тексерудi және бақылау және қадағалау субъектiсiне (объектiсiне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргiзу кезiнде бақылау және қадағалау органы тексерудi

және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу нысанасын көрсете отырып, жоспардан тыс тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің басталатыны туралы олар басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын бақылау және қадағалау субъектісіне хабарлауға міндетті."

3. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-IV, 112-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат):

61-бап мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;"

4. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 720-құжат; 2004 ж., № 5, 27-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 19-I, 101-құжат; № 23-II, 169-құжат; 2016 ж., № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат):

1) 1-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) алкоголь өнімі - Еуразиялық экономикалық одақтың "Алкоголь өнімінің қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 047) техникалық регламентінің (бұдан әрі - техникалық регламент) № 1 қосымшасында көзделген тізбеге енгізілген өнімдерді қоспағанда, тағамдық шикізаттан өндірілген этил спирті және (немесе) этил спиртінің көлемдік үлесі 0,5 пайыздан астам спирт бар тамақ өнімдерін пайдаланбай немесе пайдалана отырып дайындалған тамақ өнімдері;"

4-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1) дербес сәйкестендіру нөмір-коды - өндірілетін және импортталатын этил спирті мен алкоголь өніміне (сыра қайнату өнімдерінен басқа) берілетін сәйкестендіру нөмірі;"

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) есепке алатын бақылау аспаптары - электр энергиясының іркіліссіз қоректендіру көздерімен жаратқандырылған, уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторы арқылы нақты уақыт режимінде этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілу көлемдері туралы, ондағы этил спиртінің (шарап жасау

және сыра қайнату өнімдерінен басқа) шоғырлануы туралы, этил спиртінің (сыра қайнату өнімінен басқа) қалдықтары және есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалануға жататын өндірілген алкоголь өнімінің есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіру туралы деректердің автоматтандырылған берілуін қамтамасыз ететін аспаптар;

8) есепке алу-бақылау маркасы - алкоголь өнімінің айналымын (экспорттан басқа) есепке алу және оған бақылауды жүзеге асыру мақсатында оны (толысылған шарап, сыра қайнату өнімдерінен басқа) сәйкестендіруге арналған ақпаратты қамтитын, белгіленген нысандағы және мазмұндағы қажетті қорғау элементтері бар арнайы біржолғы жапсырма;"

9) тармақша алып тасталсын;

12) тармақша алып тасталсын;

18-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1) сыра қайнату өнімдерін құю - сыра қайнату өнімдерін тасымалдауды және сақтауды көздемейтін, оны бөлшек саудада өткізу тәсілі;"

23) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"23) этил спирті - спирт ашымықтарын кейіннен тазартып айыру және (немесе) этил спирті шикізатын тазартып айыру жолымен алынған, құрамында ілеспе ұшпа қоспалары бар, сондай-ақ тағамдық шикізаттан дайындалған этил спиртінің бас фракциясынан және этил спирті, арақтарды, ликер-арақ бұйымдарын өндіру кезінде пайда болатын қайта өңдеу өнімдерінен алынған, құрамында қант- және крахмал бар шикізатты (жемістен басқа) спирттік ашыту әдісімен өндірілген, этанол су ерітіндісін білдіретін күштілігі кемінде 88 пайыз өнім;

24) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласындағы есепке алатын бақылау аспаптарының деректері - этил спирті мен алкоголь өнімінің өндіріс көлемі, ондағы этил спиртінің (шарап жасау, сыра қайнату өнімдерімен басқа) шоғырлануы, этил спиртінің (сыра қайнату өнімдерінен басқа) қалдықтары және есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіру туралы деректер;"

2) 3-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) техникалық регламентке сәйкес этил спирті мен арақтарды, айрықша арақтарды, тауардың шығарылған жерінің атауы қорғалған арақтарды, бал арақтарын, жүзім, жеміс арақтарын өндірушілер үшін өндірістік қуатты пайдаланудың ең төменгі процентін және өндірістің ең аз көлемдерін белгілеу;"

3) 4-бапта:

2-тармақта:

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) техникалық регламентке сәйкес алкоголь өнімін белгілі бір түрге жатқызады;

4) толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өндірісінің өнімдерінен басқа, этил спирті және (

немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарактандыру, олардың жұмыс істеуі және есепке алынуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

4) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Алкоголь өнімдерінің түрлері

1. Алкоголь өнімінің түрлері, санаттары, атаулары мен ұғымдары техникалық регламентке сәйкес айқындалады.

2. Алкоголь өнімінің түрлеріне мыналар жатады:

1) спиртті ішімдіктер - тазартылған этил спиртін және (немесе) құрамында спирті бар тамақ өнімдерін және (немесе) басқа да алкоголь өнімін пайдалана отырып өндірілген алкоголь өнімі;

2) шарап жасау өнімі:

жаңа піскен жүзімнің бүтін немесе ұнтақталған жидектерін не жемістерді, жүзім ашытқысын, жеміс ашытқысын толық спиртпен ашыту нәтижесінде дайындалған;

жаңа піскен жүзімнің бүтін немесе ұнтақталған жидектерін, жемістерді не жүзім шырынын, жеміс шырынын, тағамдық шикізаттан алынған мынадай өнімдердің тазартылған этил спиртін, жүзімнен алынатын дистиллятты, шарап дистиллятын, жеміс дистиллятын бірін немесе одан да көп қосумен, сондай-ақ алкоголь өнімі дайындалған құжатта (құжаттарда) көрсетілген (стандарттау жөніндегі құжат немесе өзге де құжат) тазартылған, құрамында қанты бар өнімдерді, дәмдік заттарды, тағамдық қоспаларды, хош иістендіргіштерді, көміртегі диоксидін, суды қосумен толық емес немесе толық спирттік ашыту нәтижесінде дайындалған, ашыту өнімдерін кейіннен айдап және сақталып немесе сақталмай дайындалған алкоголь өнімі;

3) төмен алкогольді сусындар дайын өнімде құрамында 7 пайыздан (күштілігі) кем этил спирті бар, тазартылған этил спиртін және (немесе) құрамында спирті бар тамақ өнімдерін, дайындалған (түзетілген) суды немесе жалпы минералдануы 1 г/л-ден аспайтын минералды суды пайдаланбай немесе пайдалана отырып өндірілген, пайдаланылуы алкоголь өнімі дайындалған құжатта (құжаттарда) көзделген ингредиенттерді қамтитын алкоголь өнімі (стандарттау жөніндегі құжат немесе өзге де құжат), оның ішінде құрамында қанты бар өнімдер, қышқылдар, көміртегі диоксиді, тұнбалар, жемістердің (жемістердің, жидектердің) және астық шикізатының экстрактылары, шырындар, өсімдік шикізаты, сүт өнімдері, бал және ара шаруашылығының өзге де өнімдері (ұялардағы балды, балауызды, забрусты, аналық ара сүтін қоса алғанда), тұздар, шарап ашыту және сыра қайнату өнімдеріне жатпайтын өзге де спиртті ішімдіктер, тағамдық қоспалар;

4) сыра қайнату өнімі - сыра қайнату шикізатынан және (немесе) сырадан жемісті және өзге де өсімдік шикізатынан, олардың қайта өңдеу өнімдерін, хош иістендіргіштерді қоспай немесе қосу арқылы, этил спиртін қоспай өндірілген алкоголь өнімі;

5) бал қайнату өнімі - тазартылған этил спиртін, бал дистиллятын, жеміс дистиллятын, концентратталған жеміс шырынын, көміртегі диоксидін, жаңа ашытылған жеміс ашытқысын, спиртті жеміс шырындарын, табиғи дәм мен хош иіс беретін заттар мен препараттарды қоспай немесе қосу арқылы балдың хош иісі мен дәмі бар балдан өндірілген алкоголь өнімі;

6) дистиллят - этил спиртiнiң көлемдiк үлесi 52 пайыздан асатын, ашыған ашытқыны, толысылған шаранты (шарап материалын), құрамында спирті бар ашытқыш тұнбаларын, қою тұнбаларды, құрамында спирті бар сығындыларды, өзге де құрамында спирт бар тамақ өнімдерін жай немесе фракциялық дистилляттау (айдау) немесе тазарту арқылы алынған алкоголь өнімі. Дистиллят алкоголь өнімдерінің, оның ішінде шарап өнімдерінің өндірісі үшін қолданылады және шикізат немесе сусын үшін дайындалған оның атауы болуы мүмкін;

7) құрамында спирті бар тамақ өнімі - этил спиртiнiң көлемдiк үлесi 0,5 пайыздан асатын, алкоголь өнімдерінің өндірісіне арналған жартылай дайындалған өнімдерді, оның ішінде ашыған жемісті шарап материалдарын, жүзім ашытқысын, спиртті жеміс ашытқысын, спиртті шырындарды, спиртті тұнбаларды, спиртті морстарды, хош иісті спирттерді, сулы-спиртті сығындыларды, концентратталған тамақ негіздерін, тағамдық хош иістендіргіштерді, өзге де жартылай дайындалған өнімдерді ұсынатын алкоголь өнімі.";

5) 7-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Алкоголь өнімін өндіру үшін техникалық регламентке сәйкес этил спирті және тамақ шикізаты қолданылады.

Этил спирті шикі этил спиртіне және тазартылған этил спиртіне бөлінеді.";

5-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра сыра қайнату өндірісінің өнімдерінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін технологиялық желілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жаратпай өндіруге;

2) толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра сыра қайнату өндірісінің өнімдерінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін ақаулы, сол сияқты есепке алуда нормативтен жоғары ауытқулары бар есепке алудың бақылау аспаптарымен өндіруге тыйым салынады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Этил спиртін өндіруге өндіріс паспортында көрсетілген өндірістік қуаттың кемінде жиырма пайызы пайдаланылған кезде жол беріледі.

Лицензия алынған (жаңартылған) күнтізбелік тоқсанды қоспағанда, арақтарды, айрықша арақтарды, тауардың шығарылған жерінің атауы қорғалған арақтарды, бал

арақтарын, жүзім және жеміс арақтарын өндіруге өндіріс паспортында көрсетілген өндірістік қуаттың кемінде қырық пайызы, бірақ күнтізбелік тоқсанда кемінде жиырма бес мың декалитр пайдаланылған кезде жол беріледі.";

б) 8-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Алкоголь өнімінің барлық түрлерін таңбалау техникалық регламентке сәйкес жүргізілуге тиіс.";

7) 9-бапта:

1-тармақта 1) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Алкоголь өнімінің айналымына:

1) қаңылтыр ыдыста (сыра қайнату өнімдерінен және күштілігі жеті пайыздан кем төмен алкогольді сусындарынан басқа), затбелгісі жоқ шөлмекте және пластикалық сауытта (сыра қайнату өнімдерін соңғы тұтынушыға құюды қоспағанда);

2) техникалық регламентте белгіленбеген ыдыста және орамада;

3) есепке алу-бақылау таңбасымен таңбалануға жататын болса да есепке алу-бақылау маркасынсыз, сондай-ақ белгісіз бір үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге келмейтін маркасы бар алкоголь өнімінің айналымына тыйым салынады.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) спиртті ішімдіктер мен шарап жасау өнімдерін; ең аз бөлшек сауда бағасынан төмен;"

8) 10-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағына этил спиртінің, толысылған шарап және дистиллятының импорты алкоголь өнімін өндіруге лицензия және сыртқы сауда шарты (келісімшарты), оған қосымша және (немесе) толықтыру болған кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағына алкоголь өнімінің (толысылған шарап және дистиллятардан басқа) импорты алкоголь өнімінің өндірісі аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы және сыртқы сауда шарты (келісімшарты), оған қосымша және (немесе) толықтыру болған кезде жүзеге асырылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Еркін қоймаларда этил спирті, толысылған шарап және дистиллятын өндіруге және өңдеуге, сондай-ақ алкоголь өнімін өндіруге тыйым салынады.";

9) 11-бап мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Тәркіленген этил спирті мен этил спирті мен алкоголь өнімін өндірушілер ғана сатуға жол беріледі.".

5. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 7, 165-құжат; 2004 ж., № 11-12, 62-құжат; № 23, 142- құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат ; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

1) 6-2-бап мынадай мазмұндағы 21-1) және 21-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"21-1) өлшем құралдарын бастапқы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша айналымға шығарылатын өлшем құралдарының тізбесін бекіту;

21-2) кез келген түрдегі бума тауарларды ашу, сату және импорттан алу кезінде олардың санының және сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын өнімдер санының сәйкестігін айқындау тәртібін бекіту;"

2) 11-3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өлшем құралдарын калибрлеу әдістемелерін шама бірліктерінің эталондарын және өлшем құралдарын калибрлеуді орындайтын заңды тұлғалар, жасаушылар, олардың иелері және (немесе) пайдаланушылар әзірлейді және бекітеді.";

3) 12-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбелерінде және нормативтік құқықтық актілерде метрологиялық талаптар белгіленген өлшемдер кезінде қолданылатын өлшемдерді орындау әдістемелері метрологиялық аттестаттауға және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеуге жатады.";

4) 17-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Өлшем құралдарын бастапқы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша айналымға шығарылатын өлшем құралдарының тізбесіне енгізілген өлшем құралдары өлшем құралдарының типін бекіту және метрологиялық аттестаттау мақсаттарына арналған сынақтарға жатпайды.";

5) 19-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

6) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Шама бірліктерінің эталондарын және өлшем құралдарын калибрлеу

Шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарына және шама бірліктерінің эталондарына калибрлеу жүргізіледі.

Типі бекітуге және салыстырып тексеруге жатпайтын өлшем құралдарына ерікті түрде калибрлеу жүргізілуі мүмкін.

Мемлекеттік реттеуге жататын өлшем тізбелерінде және нормативтік құқықтық актілерде метрологиялық талаптар белгіленген өлшеу кезінде қолданылатындарды қоспағанда, аккредиттеу субъектілері қолданатын өлшем құралдарын калибрлеуге жатады.

Өлшем құралдарын калибрлеу осы өлшем құралдарын жасаушы, иесі немесе пайдаланушы айқындайтын тәртіппен орындалады.

Шама бірліктерінің эталондарын және өлшем құралдарын калибрлеу нәтижелері өлшем құралына басылатын калибрлеу белгісімен және (немесе) калибрлеу туралы сертификатпен куәландырылады. Калибрлеу туралы сертификатта өлшемдердің метрологиялық сипаттамаларының шынайы мәндері, метрологиялық бақылап тексерілуі, өлшем белгісіздігі және белгілі бір метрологиялық сипаттамаларға сәйкестігі туралы мәлімдеме көрсетіледі.";

7) 20-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өлшемдерге, өлшем құралдарына, оның ішінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларында, техникалық регламенттерде, мемлекетаралық және ұлттық стандарттарда қамтылған стандартты үлгілерге қойылатын талаптар (ұқсастық дәрежесі бірдей халықаралық және өңірлік стандарттар негізінде әзірленетін стандарттарды қоспағанда) мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталық жүргізетін міндетті метрологиялық сараптамаға жатады.";

8) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Мемлекеттік метрологиялық бақылау объектілері

1. Мыналар:

- 1) шама бірліктерінің мемлекеттік эталондары;
- 2) шама бірліктерінің эталондары мен өлшем құралдары;
- 3) стандартты үлгілер;
- 4) нормативтік құқықтық актілер, техникалық регламенттер;
- 5) өлшемдерді орындау әдістемелері және өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері;

б) сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын өнім саны;

7) кез келген түрдегі буманы ашу және сату кезінде өлшеп-оралған өнімнің саны мемлекеттік метрологиялық бақылау объектілері болып табылады.

2. Мемлекеттік метрологиялық бақылау осы баптың 1-тармағында көрсетілген, мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбелерінде және нормативтік құқықтық актілерде метрологиялық талаптар белгіленген өлшемдер кезінде қолданылатын объектілерге қолданылады.";

9) 23-бап алып тасталсын:

10) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Мемлекеттік метрологиялық бақылау

1. Осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерді Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасы талаптарының орындалуын мемлекеттік метрологиялық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру нысанында жүзеге асырылады.

2. Осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерді мемлекеттік метрологиялық бақылау:

1) мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбелерінде және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген метрологиялық талаптардың нақты орындалуын айқындау үшін;

2) иеліктен шығарылатын өнімнің салмағын, көлемін, шығысын немесе санын сипаттайтын басқа да шамаларды анықтаудың дұрыстығын тексеру мақсатында;

3) бумадағы өнім санының бумада белгіленген шамаға сәйкестігін тексеру мақсатында жүзеге асырылады."

11) 28-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік метрологиялық бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік метрологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы - уәкілетті орган ведомствосының басшысы;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары - уәкілетті органның ведомствосы басшысының орынбасарлары;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік бақылау жөніндегі бас аумақтық мемлекеттік инспекторлары - уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің басшылары;

4) мемлекеттік бақылау жөніндегі бас аумақтық мемлекеттік инспекторлардың орынбасарлары - уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары;

5) мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар - уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары жатады.";

2) 2-тармақ алып тасталсын;

3) 4-тармақ алып тасталсын.

6. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; № 21

-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 68-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 6-1-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өңірлерде техникалық реттеу саласында сәйкестікті бағалау бойынша қызметтер көрсету жөнінде бәсекелестік ортаны құру бойынша шаралар қабылдау;"

2) 9-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2-бап. Сәйкестікті бағалау

Астықтың техникалық регламенттерде айқындалған, талаптарға сәйкестігін бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

3) 10-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) өңірлерде техникалық реттеу саласында сәйкестікті бағалау жөнінде қызметтер көрсету бойынша бәсекелестік орта құру үшін шаралар қабылдау;"

7. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86-құжат, 87; № 15, 92-құжат, 95; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат, 124; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1,2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72-құжат, 75; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-1, 19-11, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-1, 101-құжат; № 19-11, 103-құжат; № 21-1, 121, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат, 132; № 22-1, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-1, 47, 49-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 8, 16-құжат; № 13, 45-құжат; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 12, 39-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 72-құжат; № 22, 83-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; 2019 жылғы 5 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 28

қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 29 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

27-баптың 1-тармағының 14-3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14 -3) аттракциондардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;"

8. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 7004ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II.96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 19-1, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 12,34-құжат ; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019ж., № 1, 4-құжат):

1) 1-бап:

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

8-1) тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар - уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен аттестатталған (жеке тұлғалар);";

мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

"21-1) сараптамалық ұйым - штатында тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторы бар және тауардың, шығарылған жеріне, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесіне сараптама жүргізу жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын заңды тұлға;"

мұнадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

"40-1) тауардың шығарылған жері туралы сертификат - тауардың шығарылған елі, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесі туралы куәландыратын құжат;"

2) 7-бап:

мынадай мазмұндағы 7-2) және 7-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-2) тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылған жері туралы сертификат беру және оның қолданылуының күшін жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

7-3) тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылған жері туралы сертификатты беру және оның қолданылуының күшін жою жөніндегі қағидаларда көзделген тәртіппен тауарды әкелетін елдің уәкілетті органдарының сұрау салуы негізінде тауардың шығарылған жері туралы сертификаттарды беру негізділігін, онда қамтылған мәліметтердің дұрыстығын және жасаушылардың тауардың шығарылған елін айқындау өлшемшарттарын орындауын верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 15-4) тармақшамен толықтырылсын:

"15-4) тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттардың қолданылуын ұзарту тәртібін бекітеді;"

3) мынадай мазмұндағы 18-4-баппен толықтырылсын:

"18-4-бап. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сараптамалық ұйым және сарапшы-аудиторлар

1. Сараптамалық ұйым экспортқа және кері экспортқа тауардың шығарылған жері туралы сараптамалық актілерді қоспағанда, тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар жасаған тауардың шығарылған жері, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау туралы сараптамалық актілерді куәландырады және береді.

2. Тауардың экспорты және кері экспорты кезінде сараптамалық ұйым тауардың шығарылған жері туралы сараптамалық актілерді куәландырмайды және бермейді.

3. Тауардың шығарылған жерін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бір сараптамалық ұйымның құрамында өз қызметін жүзеге асырады.

4. Тауардың шығарылған жерін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға, егер тауар туралы ұсынылған деректер бұрмаланған және (немесе) анық емес болса, тауардың шығарылған жері, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау туралы сараптамалық актілерді жасауға тыйым салынады."

9. "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж.,

№ 17, 133-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат; 2011 ж., 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат, № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 8-II, 70-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 5)-баптың 5) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтары алып тасталсын;

2) 6-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын рәсімдерді қоспағанда, тамақ өнімдерін өткізу сатысында тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;"

4-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

3) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Арнайы мақсаттағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

Арнайы мақсаттағы тамақ өнімдеріне:

1) спортшыларды, жүкті және бала емізетін әйелдерді тамақтандыруға арналған арнайы тамақ өнімдері;

2) диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақтанудың, оның ішінде балалар тағамына арналған тамақ өнімдері жатады.

2. Арнайы мақсаттағы тамақ өнімдері:

1) Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында және техникалық регламенттерде белгіленген арнайы мақсаттағы тамақ өнімдеріне қойылған талаптарға сай келуге;

2) сатып алушылардың (тұтынушылардың) тиісті топтарының физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға;

3) тамақтық, биологиялық және энергетикалық құндылығы бойынша ыдыста (орамада) көрсетілген ақпаратқа сәйкес келуге тиіс.";

4) 17-бап алып тасталсын;

5) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Тамақ өнімдерін сақтау және тасымалдау кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Тамақ өнімдерін сақтау және тасымалдау тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес олардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.

2. Егер тамақ өнімдерін сақтау және (немесе) тасымалдау кезінде олардың қауіпті қасиеттерге ие болуына әкеп соққан бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, ол тиісті сараптамаға жіберіліп, оның нәтижелері бойынша кәдеге жаратылады немесе жойылады.";

6) 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін өндірістік бақылауды техникалық регламент талаптарына сәйкес жүзеге асырады.";

7) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Сәйкестікті бағалау Тамақ өнімдерін өндіру (дайындау), сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату процестерінің сәйкестігін бағалау (растау) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы техникалық регламенттің және (немесе) тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне арналған техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігі үшін жүзеге асырылады.";

8) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Тамақ өнімдерін сәйкестендіру

Тамақ өнімдерін сәйкестендіру Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде белгіленген техникалық реттеу объектілерін, сәйкестендіру қағидаларына, оның ішінде тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне сәйкес жүзеге асырылады."

10. "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 134-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

1) 17-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Химиялық өнімді көліктің алуан түрінде тасымалдауға арналған орамаларды қолдануға қойылатын талаптарды тиісті техникалық регламенттермен белгілейді.";

2) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Химиялық өнімдерді таңбалауға қойылатын талаптар Барлық химиялық қауіпті өнім оның қауіпті қасиеттері туралы хабардар ететін ескертпемен таңбалануға тиіс.

Химиялық өнімді ескертпелік таңбалау кезінде көрсетілетін стандарттық қауіптілік нышандарының тізбесі мемлекетаралық стандарттарға сәйкес белгіленеді."

11. "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің, 2007 ж., № 17, 137-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

1. Машиналар мен жабдықтарды монтаждауды, пайдалануды, жөндеуді жүзеге асыру кезінде техникалық регламенттер, жүйеге арналған жобалау құжаттамасы және

машиналар мен жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарының орындалуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Аттракциондарды монтаждау, пайдалану және жөндеу кезінде де ҚР СТ 3359 "Аттракциондардың қауіпсіздігі. Аттракциондарды іске қосу және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары" ұлттық стандартының талаптары орындалады.";

12. "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 138-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; 2014 ж., 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

5-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын.

13. "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 59-құжат; 2009 ж., № 15-16, № 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат.):

1) 1 -бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

3-1) Аккредиттеу жөніндегі кеңес - аккредиттеу жүйесін стратегиялық дамыту, аккредиттеу саласында ақпараттың ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аккредиттеу жөніндегі орган - аккредиттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдардың мүшесі болып табылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорын;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) аккредиттеуді жою - аккредиттеуді толық жою рәсімі;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) аккредиттеу схемасы - ұқсас талаптар қолданылатын сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды аккредиттеуге жататын қағидалар мен процестер;"

мынадай мазмұндағы 13-1), 13-2) және 13-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"13-1) аккредиттеу субъектісі қызметінің мониторингі - осы Заңға сәйкес аккредиттеу жөніндегі орган жүзеге асыратын аккредиттеу субъектілері жұмыстарының нәтижелері туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және пайдалану жөніндегі шаралар жиынтығы;

13-2) апелляция - өтініш берушінің немесе аккредиттеу субъектісінің өтініш беруші қалаған немесе аккредиттеу субъектісі алған аккредиттеу мәртебесіне қатысты өзі қабылдаған шешімді қайта қарау туралы аккредиттеу жөніндегі органға өтініші;

13-3) бағалау - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестікті бағалау жөніндегі өтініш берушінің/органның құзыреттілігін айқындау мақсатында аккредиттеу жөніндегі орган жүзеге асыратын процесс."

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) жоспарлы бағалау - аккредиттеу жөніндегі орган жүзеге асыратын аккредиттеу субъектілерінің аккредиттеу өлшемшарттарын сақтауын тексеру;"

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) куәгерлік бағалау - аккредиттеу жөніндегі органның өз аккредиттеу саласы шегінде сәйкестікті бағалау жөніндегі қызметті орындайтын сәйкестікті бағалау жөніндегі органды бақылау;"

мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

"21-1) сәйкестікті бағалау жөніндегі ақпараттық жүйе - сәйкестікті бағалау саласында жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ өтініш берушілердің, аккредиттеу субъектілерінің, аккредиттеу жөніндегі бағалаушылардың, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың, техникалық сарапшылардың Интернет арқылы аккредиттеу жөніндегі органмен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін интернет-ресурс;"

мынадай мазмұндағы 27) тармақшамен толықтырылсын:

"27) шағым - құзіретіне сәйкес жауапты талап ететін аккредиттеу жөніндегі органға, аккредиттеу субъектісіне және (немесе) олардың персоналына катысты жеке немесе заңды тұлғаның, мемлекеттік органның өтініші."

2) 4-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, техникалық сарапшылар;"

3) 5-баптың 2) және 2-1) тармақшалары алып тасталсын:

4) 6-бапта:

1-1) тармақша алып тасталсын;

1-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2) аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді;"

5) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Аккредиттеу жөніндегі орган мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) аккредиттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлға мәртебесіне ие;

2) штатында аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлар бар;

3) аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдардың мүшесі болып табылады;

4) өтініш берушілермен және сәйкестікті бағалау жөніндегі органдармен үлестес тұлға болып табылмайды."

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аккредиттеу жөніндегі орган:

1) мыналарға:

аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды, техникалық сарапшыларды, техникалық сарапшыларды және арнайы білімі бар басқа да тұлғаларды аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысу үшін тартуға;

аккредиттеу жөніндегі халықаралық (өңірлік) мемлекеттік емес және үкіметтік емес ұйымдар жұмысына қатысуға;

өлшем құралдарының салыстырма сынақтарын және оларды салыстырып тексеру мен калибрлеу нәтижелерін салыстыруды ұйымдастыруға;

жоспарлы және жоспардан тыс бағалауды жүргізуге;

аккредиттеу субъектілерінің қызметіне оның аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкестігі және аккредиттеуден кейінгі шарт талаптарының орындалуы нысанасына мониторинг жүргізуге;

аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау өткізуге;

Аккредиттеу жөніндегі кеңестің ережесі мен құрамын бекітуге құқылы;

2) мыналарға:

аккредиттеу аттестатының, аккредиттеу аттестатына қосымшалардың, аккредиттеу белгісінің нысандарын белгілеуге;

осы Заңда белгіленген тәртіпті сақтай отырып, аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге;

аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде белгілі болған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің жария болуына жол бермеуге;

аккредиттеу субъектілерінің тізілімін жүргізуге;

интернет-ресурсты, оның ішінде сәйкестікті бағалау жөніндегі ақпараттық жүйені жүргізуге және сүйемелдеуге, онда аккредиттеу субъектілерінің тізілімін ресми жариялауға, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді орналастыруға;

аккредиттеу аттестаты кері қайтарып алынған немесе аккредиттеуден кейінгі шарт тоқтатылған жағдайда бұл туралы уәкілетті органға үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға;

аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын жаңарту туралы өтінімдерді қарауға;

аккредиттеу субъектілерінің шағымдарын қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға, қабылданған шешімдер туралы ақпаратты интернет-ресурста орналастыруға;

аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алуға, қайтаруға және осы Заңда көзделген негіздер бойынша және тәртіппен аккредиттеу аттестатын жою туралы өтінішпен сотқа жүгінуге;

жоспарлы және жоспардан тыс бағалау нәтижелерін, сондай-ақ аккредиттеу субъектісі қызметінің мониторингін тоқсан сайын уәкілетті органға ұсынуға;

уәкілетті орган шығарған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының орындалуын қамтамасыз етуге;

аккредиттеу жөніндегі органның қызметін регламенттейтін халықаралық нормативтік құжаттың, сондай-ақ оның қызметіне қатысты өзге де халықаралық құжаттардың талаптарына сәйкес келуге;

аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы жалпы өлшемшарттар мен қағидаларды белгілейтін мамандандырылған халықаралық ұйымдардың құжаттарын өндіруді және қолдануды қамтамасыз етуге міндетті.";

б) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Аккредиттеу субъектілері қызметінің мониторингі

1. Аккредиттеу субъектілері қызметінің мониторингі аккредиттеу субъектілері көрсеткен аккредиттеу саласындағы жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және процестердің нәтижелері үшін аккредиттеу жөніндегі органның бақылауы арқылы жүзеге асырылады.

2. Аккредиттеу субъектілерінің қызметі мониторингінің нәтижелері бойынша аккредиттеу өлшемшарттарын бұзу анықталған жағдайда осы Заңға сәйкес шаралар қолданылады.

3. Аккредиттеу субъектілері қызметінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын уәкілетті орган бекітеді және онда аккредиттеу субъектілерінің аккредиттеу жөніндегі органмен өзара іс-қимыл тәртібі қамтылады.";

7) 8-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Өтініш беруші:

1) орналасқан жерінде тексеру нәтижелері бойынша аккредиттеу жөніндегі органға негізделген себептерді көрсете отырып, отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сәйкессіздіктерді жою мерзімдерін ұзарту туралы жүгінуге;

2) аккредиттеу жөніндегі органның шешімін апелляция жөніндегі комиссияға шағымдануға құқылы.

3-2. Өтініш беруші:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға, аккредиттеу сұратылып отырған немесе ұсынылатын салаларда нормативтік құқықтық актілердің, нормативтік құжаттардың, оның ішінде аккредиттеу жөніндегі органның талаптарын орындауға;

2) орналасқан жері бойынша тексеру жүргізу кезінде аккредиттеу жөніндегі органға үй-жайға (үй-жайларға), жабдыққа және ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

3) мәлімделген аккредиттеу саласына сәйкес куәгерлік бағалауды ұйымдастыруға міндетті.";

5-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) аккредиттеу жөніндегі органның жоспарлы (жоспардан тыс) бағалау жүргізуін және сол жерде тексеруін қамтамасыз етуге;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) үй-жайға (үй-жайларға), жабдықтарға, ақпаратқа қол жеткізуді, оның ішінде персоналдың болуын қамтамасыз етуге;

6-2) куәгерлік бағалауды жүргізуді қамтамасыз етуге және бағалауды жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын төлеуге;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) аккредиттеудің сәйкестігін бағалау және оны сақтау үшін қажетті ақпаратқа, құжаттарға, есептерге және қаржылық құжаттамаға қол жеткізуді қамтамасыз етуге;"

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес алып қоюға жататын өнімге сәйкестікті бағалау туралы құжат берген аккредиттеу субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.";

8) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, техникалық сарапшылар

1. Аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, техникалық сарапшылар осы Заңға сәйкес аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысады.

2. Аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, техникалық сарапшылар өз қызметін еңбек шартының не азаматтық-құқықтық шарттың негізінде жүзеге асырады.

9) 14-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аккредиттеу схемасын ескере отырып, оларға өздерінің сәйкестігі аккредиттелетін (аккредиттелген) нормативтік құжаттардың талаптарына сай келу;"

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды толық көлемде және аккредиттеу саласында бекітілген шегінде жүргізу";

10) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Өтінімді ұсыну және оны қарау

1. Өтініш беруші аккредиттеу жөніндегі органға мынадай құжаттар ұсынады:

1) аккредиттеуге өтінім;

2) өтініш берушінің заңды мәртебесін анықтайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері;

3) мәлімделетін аккредиттеу саласы;

3-1) сапа жөніндегі нұсқаулық;

4) сәйкестікті бағалау саласындағы қызметтің мәлімделген бағыты жөніндегі паспорт;

5) сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін, сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмысгарды орындайтын персонал туралы мәліметтер.

б) құрылымдық бөлімшелердің ережесі мен құрылымы.

Өтініш беруші өзі таңдап алған нормативтік құжатқа байланысты тиісті ақпарат ұсынады.

Өтінімді қоспағанда, құжаттардың барлығы екі данада ұсынылады.

2. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3-1) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың нысандарын уәкілетті орган белгілейді.

3. Егер өтінім және (немесе) оған қоса берілген құжаттар белгіленген нысанға сәйкес келмеген не толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, сондай-ақ аккредиттелген зертхана мәлімделетін жабдықты пайдаланған жағдайда аккредиттеу жөніндегі орган құжаттарды қайтарудың себептерін көрсете отырып, олардың түскен күнінен бастап есептелетін бес жұмыс күні ішінде бас тартады және пошта арқылы өтініш берушіге қайтарады не оның өкіліне қолын қойғызып, қолма-қол табыс етеді.";

11) 17-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитордың қорытындысы негізінде аккредиттеу жөніндегі орган мынадай:

1) өтініш берушіні тұрған жері бойынша тексеру туралы;

2) өтініш берушінің анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Аккредиттеу жөніндегі орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қабылданған шешім туралы хабарлама жіберіледі.";

12) 20-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жоспарлы және жоспардан тыс бағалауды жүргізу, аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын жаңарту тәртібі мен мерзімдері;"

13) 24-бапта:

2-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) жоспарлы және жоспардан тыс бағалаудың өткізілген күні мен нәтижелері;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) аккредиттеу аттестатын тоқтата тұру және аттестаттан айыру күні мен негіздемесі;"

14) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Аккредиттеу субъектілерін жоспарлы және жоспардан тыс бағалау

Жоспарлы және жоспардан тыс бағалау аккредиттеуден кейінгі шарт негізінде жүзеге асырылады. Бірінші жоспарлы бағалау бастапқы аккредиттелген күннен кейін он сегіз айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Келесі жоспарлы бағалау алдындағы жоспарлы бағалау жүргізілген кезден бастап жиырма төрт айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу өлшемшарттарын бұзуға жол бергені не аккредиттеу субъектісінің қызметі мониторингінің нәтижелері бойынша аккредиттеу өлшемшарттарының және (немесе) аккредиттеуден кейінгі шарттың бұзылуын анықтаған жағдайда, аккредиттеу жөніндегі орган жоспардан тыс бағалау жүргізуге құқылы.

Бұзушылықтар расталған жағдайда, аккредиттеу жөніндегі орган өткізген жоспардан тыс бағалау жүргізу жөніндегі шығыстарды бұзушылықтарға жол берген аккредиттеу субъектісі өтейді.

2. Аккредиттеу субъектісіне немесе оның аккредиттеу субъектісінің өзі тұрған жерден тыс жерде орналасқан құрылымдық бөлімшесіне жоспарлы бағалау жүргізу мерзімі аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу саласына және оның құрылымдық бөлімшелерінің санына байланысты белгіленеді. Жоспардан тыс бағалау жүргізу мерзімі үш жұмыс күнінен аспауға тиіс.

3. Аккредиттеу жөніндегі орган жоспарлы немесе жоспардан тыс бағалау жүргізу кезінде аккредиттеу субъектісінен қажетті түсіндірмелер, құжаттар мен мәліметтер сұратуға құқылы.

4. Жоспарлы және жоспардан тыс бағалау нәтижелері екі дана етіп жасалған есеппен ресімделеді, онда мыналар:

- 1) есептің жасалған күні, уақыты және орны;
- 2) аккредиттеу жөніндегі орган басшысының жоспарлы және жоспардан тыс бағалауды жүргізуге негіз болған шешімінің күні мен нөмірі;
- 3) жоспарлы және жоспардан тыс бағалау жүргізген аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);
- 4) аккредиттеу субъектісінің атауы, жоспарлы және жоспардан тыс бағалау жүргізген кезде қатысқан аккредиттеу субъектісі өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы;
- 5) жоспарлы және жоспардан тыс тексеру жүргізілген күні, уақыты және орны;
- 6) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған сәйкессіздіктер туралы және олардың сипаты туралы мәліметтер;
- 7) сәйкессіздіктерді жою туралы және оларды жою мерзімдері туралы нұсқаулар;
- 8) аккредиттеу субъектісі өкілінің есебімен танысу туралы немесе танысудан бас тарту туралы мәліметтер, олардың қойған қолы немесе қол қоюдан бас тартуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Есептің бір данасы аккредиттеу субъектісінің өкіліне тапсырылады.

Аккредиттеу жөніндегі орган есеп келіп түскен кезден бастап он жұмыс күні ішінде оны қарайды және аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алуға не осы Заңның 26-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен уәкілетті органға жиналған материалдарды жолдауға негіз болмаған кезде ақпарат назарға алынады не аккредиттеу субъектісінің анықталған аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкессіздіктерді жоюы туралы шешім қабылдайды.";

15) 26-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу, оның қолданысын тоқтату, тоқтата тұру, одан айыру және жою";

1-тармақтың 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу өлшемшарттарының бұзылуына жол бергені туралы жеке немесе заңды тұлғаның өтінішінде не мемлекеттік органның хабарламасында көрсетілген фактілер расталғанда";

4-тармақтың үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Анықталған сәйкессіздіктердің жойылғаны туралы мәліметтерді растау қажет болған жағдайда, аккредиттеу жөніндегі орган осы Заңның 25-бабында көзделген тәртіппен жоспардан тыс бағалау жүргізеді.

Аккредиттеу жөніндегі орган сәйкессіздіктердің жойылғаны туралы мәліметтерді аккредиттеу субъектісі ұсынған күннен бастап есептелетін он жұмыс күні ішінде, ал жоспарлы және жоспардан тыс бағалау жүргізшген жағдайларда - ол аяқталған күннен бастап аккредиттеу аттестатын немесе аккредиттеу саласының бір бөлігін қайта жаңғырту туралы не қайта жаңғыртудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өтініш берушінің аккредиттеуді алу кезінде жалған ақпарат бергені анықталған жағдайда аккредиттеу жөніндегі органның өтініші бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сот аккредиттеу аттестатын жояды.".

14. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат, 16; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41 -құжат; № 6,43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; №8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94 , 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-

құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13; 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 15, 47-құжат; № 19, 62-құжат):

134-баптың 2-тармағының 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, аккредиттеу сапасында, сондай-ақ сәйкестікті бағалау және стандарттау сапасында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;"

15. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 152-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат.):

14-бапта:

7), 8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тауардың шығарылған жері туралы сертификатты ресімдеуді, куәландыруды, беруді және оның күшін жоюды жүзеге асырады;

8) сауда қызметін реттеу саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекітетін тізбе бойынша тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың көшірмесін және тауардың шығарылған жерін растайтын құжаттарды тауардың шығарылған жері туралы сертификат берілген күннен бастап кемінде үш жыл бойы сақтайды;

9) жылына кемінде бір рет кеден ісі саласындағы уәкілетті органға және сауда қызметін реттеу саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға тауардың шығарылған жері туралы сертификаттарды растауға уәкілеттік берілген тұлғалардың мөрлері бедерлерінің, қойылған қолдарының үлгілерін жолдайды;"

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган бекіткен бланкілердің нысандарына сәйкес тауардың шығарылған жері туралы сертификаттардың бланкілерін дайындауды ұйымдастырады."

16. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V,

156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-1, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар ; № 6, 45-құжат; № 7-1, 50-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 68-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 21, 22-құжаттар; №11, 29-құжат; №12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 49-құжаттар; № 23, 91-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; 2019 жылғы 5 қарашадағы "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 28 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1-қосымшада:

41-жол мынадай редакцияда жазылсын:

	1 .	С а н а т ы	-	
		Д и с т и л л я т т а р :		
	1)	д и с т и л л я т	ө н д і р і с і .	
Алкоголь өнімін өндіруге лицензия	2.	Санаты - спиртті ішімдіктер:	ө н д і р і с і ;	
1 .		күшті бұйымдарының өндірісі; 3) виски өндірісі.	л и к е р - а р а қ	
Санаты - Дистилляттар.	3.	Санаты - бал қайнату	ө н д і р і с і .	
2 .		ө н і м д е р і :		
Санаты - спиртті ішімдіктер.		б а л	ө н д і р і с і ;	
3 .		сусындарының	ө н д і р і с і .	Иеліктен
Санаты - бал қайнату өнімі	4.	Санаты - сыра өнімі:	с ы р а	шығарылмайтын;
4. Санаты - сыра қайнату өнімі		сыра негізінде дайындалатын сусындар өндірісі (сыра сусындары) .	ө н д і р і с і ;	1 -
5. Санаты - төмен алкогольді сусындар	5.	Санаты - төмен алкогольді сусындар өндірісі.	ө н д і р і с і ;	класс
6. Санаты - шарап жасау өнімі	6.	Санаты - шарап жасау өнімі: шараптар өндірісі; бренди өндірісі; жүзім арағының немесе жидек арағының өндірісі; шарап сусындарының өндірісі; толысылған шарап өндірісі.	ө н д і р і с і ;	

17. "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 1, 1-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат):

6-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

5-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-тармақтармен толықтырылсын:

"9. Зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласындағы мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру мен профилактикалық бақылау және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектісіне беру және бақылау субъектісіне әкімшілік жүктемені төмендету болып табылады.

11. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру жолымен, оның ішінде:

1) мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектілері, мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдар ұсынған мәліметтерді зерделеу және талдау;

2) техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінен және басқа да ақпараттық жүйелерден ақпарат пен мәліметтерді алу;

3) бұқаралық ақпарат құралдарынан, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің өтініштерінен ақпараттар мен мәліметтерді алу арқылы жүзеге асырылады.

12. Бақылау субъектілеріне бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салдарын жою мүмкін болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бақылау субъектісіне бұзушылықтарды жою тәсілдерін міндетті түрде түсіндіре отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамай, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным жасалады.

14. Ұсыным бақылау субъектісінің жеке өзіне қолын қойғызып немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол - ұсынымда алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) поштамен - тапсырыс хатпен;

3) электрондық тәсілмен - уәкілетті орган зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушінің және (немесе) өткізушінің уәкілетті ұйымда зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушінің аты тіркелген кезде өтініште көрсетілген электрондық мекенжайына жіберген күннен бастап тапсырылған болып есентеледі.

15. Профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным оны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

16. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген аумақтық бөлімшесіне оны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылықты жіберуге құқылы.

17. Профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы мемлекеттік профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындауға әкеп соғады.

18. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды жүргізу жиілігі - есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын."

19. "Стандарттау туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., № 17-18, 59-құжат):

1) 9-бапта:

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) халықаралық, өңірлік стандарттарды (оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетаралық стандарттарды келісу, қолданысқа енгізу және күшін жою) және шет мемлекеттердің стандарттарын, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидалары мен ұсынымдарын, шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидаларын, нормалары мен ұсынымдарын қолдану тәртібін айқындау;"

14) тармақша алып тасталсын;

4) 11-бапта:

4-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды тіркеуді;"

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) стандарттау саласындағы мониторингті үйлестіруді;"

3) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Стандарттау объектілерін Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығаруға негіз болатын стандарттау жөніндегі құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс."

4) 21-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау ұлттық стандарттау жүйесінің стратегиялық мақсаттары мен даму бағыттары есепке алына отырып, жыл сайын жүзеге асырылады.

4-тармақ алып тасталсын;

5) 27-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Халықаралық, өңірлік стандарттар және шет мемлекеттердің стандарттары Қазақстан Республикасының аумағында оларды ұлттық және мемлекетаралық стандарттар ретінде қабылдау арқылы қолданылады.

Ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері ұйымның мақсаттарын іске асыру үшін 16-баптың 2-тармағының және осы баптың 2-тармағының талаптары есепке алына отырып, стандарттау жөніндегі ұлттық органға тиісті хабарлама жібере отырып, халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын тікелей қолдана алады.";

б) мынадай мазмұндағы 30-1) баппен толықтырылсын:

"30-1-бап. Стандарттау жөніндегі құжаттарды түсіндіру Ұлттық стандарттарды түсіндіруді оларды әзірлейтін ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері жүзеге асырады."

7) 35-баптың 2-тармағының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджет қаражаты есебінен: негізге алынатын ұлттық стандарттарды, техникалық регламенттерге стандарттардың тізбелеріне өзара байланысты стандарттар ретінде енгізілетін ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды, мемлекеттік бағдарламалардың, Қазақстан Республикасы Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметі актілерінің іске асырылуы үшін әзірленетін ұлттық стандарттарды, нормативтік құқықтық актілерде қолдану үшін ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуге жол беріледі. Стандарттау жөніндегі құжаттардың қалған түрлері өзге қаржыландыру көздері есебінен әзірленеді."

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК